

«Жайықжылукуат» АҚ 2015 жылғы негізгі қызметінің нәтижелері туралы есеп

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің 25.09.2015 жылғы №197-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 10 қазаннан бастап қолданысқа ену мерзімімен төтенше реттеуші шара ретінде жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және онымен жабдықтау қызметтері тарифінің және тарифтік сметасының шекті деңгейлері бекітілді.

- тұрғындарға - 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 3 482,33 теңге;
- бюджеттік ұйымдарға - 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 10 091,11 теңге;
- басқа тұтынушыларға - 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 3 747,60 теңге;

2015 жылы кәсіпорын:

- жылу энергиясын сатудан – 4,9 млрд. теңге,
- электр энергиясын сатудан – 1,4 млрд. теңге,
- суды сатудан - 23 млн. теңге табыс алды.

Сонымен бірге «Жайықжылукуат» АҚ тұтынушылар алдындағы дебиторлық берешегі 610,5 млн. теңгені құрады, соның ішінде тұрғындардың берешегі - 516 млн. теңге, бюджеттік ұйымдардың - 27 млн. теңге, басқаларының - 68 млн. теңге.

Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері бойынша кәсіпорын 1,1 млрд. теңге көлемінде негізгі қызметтен болған шығынға ұшырады, соның ішінде: реттелетін қызмет бойынша қызмет көрсетуден 1,3 млрд. теңге сомасындағы залал, реттелмейтін қызмет бойынша қызмет көрсетуден 249 млн. теңге көлеміндегі табыс.

2015 жылы 1Гкал жылу энергиясының өзіндік құны 3935,14 теңге жоспарымен 5077,16 теңгені құрады, өсім - 29%. Жоспарлы орташа босату бағасы 3678,74 теңге болғанда, іс жүзінде орташа сату бағасы Гкал үшін 3678,74 теңгені құрады. 614,96 млн. теңге сомадағы табыс алынбай қалды.

Жылу энергиясын өндірудің өзіндік құнында шығындардың 52% отын құрайды, амортизация – 10%, жөндеу - 9%, салықтар - 4%, жалақы -17%, басқа шығындар - 8%.

2015 жылы кәсіпорын 1260,42 мың Гкал жоспарымен 1134,4 мың Гкал жылу энергиясын өндірді, 1031,68 мың Гкал жоспарымен 947,3 мың Гкал жылу энергиясын өткізді. Сату көлемі 84,38 мың Гкал-ға азайып, жылу ысыраптары 195,84 мың Гкал құрады, бұл уәкілетті органның 228,74 мың Гкал көлемінде 2015 жылға бекіткен нормативтік көрсеткіштерден аспады.

Жылу энергиясы көлемінің азаюына жылу энергиясын сату көлемінің азаюы себеп болды. Жылу энергиясын сату көлемі келесі факторлардың әсерінен азайды:

1. Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнату. Инвестициялық бағдарлама шеңберінде 2013-2014 ж.ж. кәсіпорын үйге ортақ жылуды есепке алу аспаптарының 197 данасын орнатты.
2. Сыртқы ауа температурасының көтерілуі.

2015 жылы тарифтік сметада 581 млн. теңге артық шығындар сомасы пайда болды, соның ішінде шығын баптары бойынша:

98 млн. теңгеге отын немесе 4%-ға, 147 млн. теңгеге негізгі қорларды жөндеу, 178 млн. теңгеге амортизация. 2011 жылғы 1 қыркүйектен 2015 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде газ құны шамамен 65%-ға қымбаттады. Газ бағасының көтерілуі қолданыстағы тарифте 10.10.2015 жылдан бастап және тек ішінара 17% -ға ескерілді.

Табыстың 15 %-ға алынбай қалуына байланысты кәсіпорын шығындарды оңтайландыру іс-шараларын жүргізді.

2015 жылы оңтайландыру нәтижелері бойынша:

- әкімшілік шығындары - 2 %-ға,
- байланыс қызметтері – 50 %-ға,
- ұйымдық техниканы жөндеу және оған қызмет көрсету - 39%-ға,
- өртке қарсы жұмыс қызметтері - 10%-ға,

- кеңсе шығындары - 52%-ға азайтылды.

Алынған үнем негізгі құралдарды жөндеуге жұмсалды. Есептік кезеңде кәсіпорын негізгі құралдар құнының өсуіне әкелмейтін активтерді күрделі жөндеуге қосымша 146 млн. теңге жұмсады. Жөндеу компаниясының барысында 244 млн. теңгеге 8,8 км жылу желілері жөнделді, шамамен 10 млн.теңгеге 5,56 км желілер оқшауланды.

Жөндеу жұмыстарының уақытылы атқарылуы, технологиялық бұзушылықтардың жойылуы 2015 жылғы жылыту маусымын авариясыз өткізуге мүмкіндік берді. Өткен жылы кәсіпорын:

- нормативтік жылу ысыраптарының деңгейін 2014 жылмен салыстырғанда 6,3%-ға,
- желілердің тозығын 2014 жылмен салыстырғанда 0,3%-ға,
- технологиялық бұзушылықтар санын 2014 жылмен салыстырғанда 18 бірлікке азайта алды.

Тұтынушылармен жұмыс бойынша

«Жайықжылуқуат» АҚ 1162 тұрғын үйге жылу энергиясын жеткізіп отыр, соның ішінде 801 тұрғын үй ПИК қызмет көрсетуінде, 320 тұрғын үй – иесіз, 41 жеке үй, 48 мектеп, 42 балабақша, 33 денсаулық сақтау объектілері, 267 басқа ұйымдар (бөлек тұрған объектілер).

2015-2016 ж.ж. жылыту маусымында тұтынушылардан 86 жазбаша арыз келіп түсті: жылуға қатысты – 54, ыстық сумен жабдықтау бойынша – 32.

Барлық келіп түсетін арыздар бойынша ПИК өкілдерімен бірге тексерулер өткізіледі, актіні ресімдеумен сапасыз қызмет себептері анықталады, жылумен және ыстық сумен жабдықтау жүйесін жақсарту бойынша ұйғарымдар, ұсыныстар беріледі.

Шағымдардың негізгі саны ұзақ пайдаланумен, сондай-ақ ішкі жылу жүйесіндегі бұзушылықтармен байланысты болып келеді. Мәселен, жылыту аспабын балконға шығару, еденді жылыту, қосымша жалғаулар және т.б.

2015-2016ж.ж. жылыту маусымында жылыту және суды ысыту ызметтеріне келіп түскен шағымдардың саны азайды. 8-ЖМ, 6-ЖМ күрделі жөндеу мен қайта құру, ішкі кварталдық желілерді жөндеу және қайта құру жұмыстарының атқарылуы шағымдар санының қысқаруына себеп болды, мысалы:

1. Мұхит көшесі, 128, 128/1 тұрғын үйлердің жүгінуімен №17 ЖАП жылу желісінің құбыры ауыстырылды.
2. Мұхит көшесі, 127, 129, Алмазов 73, 177, Еуразия 111, Ярославская 6,8, Щурихин 5 мекен-жайлардағы тұрғын үйлерге жүретін ыстық су айналма құбыры қалпына келтірілді және жазғы кезеңде тұрғын үйлер мен ұйымдардың ішкі жылу жүйесінің дайындығына бақылау жүргізілді.

Жылу инспекциясы жылумен жабдықтау жүйесін ретке келтіру, сондай-ақ жылу энергиясының артық шығындарын және тұтынушылардың (ПИК, ұйымдардың, абоненттердің) жылу энергиясын тиімсіз пайдалануын болдырмау бойынша жұмыс атқарады.

Дебиторлық берешекті азайту бойынша

1. Пайдаланылған жылу энергиясы үшін дебиторлық берешек 01.01.2016 жыл жағдайына **610,45** млн. теңгені құрады, соның ішінде:

- бюджеттік кәсіпорындар бойынша - 26,78 млн. теңге
- өнеркәсіптік және басқа кәсіпорындар бойынша - 68,14 млн. теңге
- тұрғындар бойынша - 515,53 млн. теңге.

2014 жылмен салыстырғанда жалпы дебиторлық берешек **24,27** млн. теңгеге азайды, соның ішінде:

- бюджеттік кәсіпорындар бойынша - 2,07 млн. теңге немесе 7,2%
- өнеркәсіптік және басқа кәсіпорындар бойынша - 5,42 млн. теңге немесе 7,3%
- тұрғындар бойынша - 16,78 млн. теңге немесе 3,2%.

2. 2015 жылы маркетинг бөлімімен берілген талап- арыздар:

- **145,41** млн. теңге сомасына барлығы – **3265** талап-арыз.
- жеке тұлғалар бойынша - **127,17** млн. теңге сомасына **3181**.
- заңды тұлғалар бойынша – **18,24** млн. теңге сомасына **84**.

Сот шешімімен төленді: барлығы **94,2** млн. теңге сомасына.

2015 жылы «Жайықжылукуат» АҚ атына жеке тұлғалардың жалақысынан және өзге де табыс түрлерінен өндіріп алу туралы **220** хабарлама, борышкерлердің автокөлік құралдарына тыйым салу туралы **25** хабарлама, жеке тұлғаларға Қазақстан Республикасы шегінен шығуына тыйым салу туралы **826** хабарлама келіп түсті.

3. Сот шешімімен берешекті тиімді өндіру үшін қазіргі таңда «Жайықжылукуат» АҚ **8** жеке сот орындаушыларымен жұмыс істеп жатыр. Олардың орындауына **67,9** млн.теңгеге **1488** атқару өндірісі берілді, соның **430** өндірісі **17,0** млн.теңгеге орындалды.

4. Маркетинг бөлімінің заң кеңесшілері берешектерді өндіру бойынша барлық шараларды қолданып отыр, қазіргі таңда олар бақылаушылармен бірге дербес проблемалық борышкерлерге шығып тұрады.

5. Кәсіпорындар мен мекемелердің басшыларына ай сайын жылу энергиясына берешегі көрсетілген қызметкерлердің тізімі жолданады.

6. 01.09.2015ж. мен 30.09.2015ж. аралығында «Жайықжылукуат» АҚ-да дебиторлық берешекті азайту бойынша акция өткізілді. Акция барысында «көшпелі кассалар» ұйымдастырылып, пәтерлерді аралау жұмысы атқарылды. Осы кезеңде **7,14** млн. теңге жиналды.

7. Тұрғындарға қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында қаланың сауда орталықтарында терминалдар орнатылды. Бұдан басқа жылумен жабдықтау қызметтері үшін Интернет арқылы да төлеуге болады. Кассаларда төлем терминалдары орнатылған. Абоненттің қалауымен оған электрондық пошта арқылы түбіртектер жолданады.

2016 жылы кәсіпорынның меншікті қаражатының есебінен **630** млн.теңгеге негізгі активтерді күрделі жөндеу, техникалық мүмкіндігі бар объектілерде **239** жылуды есепке алу аспабын орнату, сондай-ақ **366** млн.теңгеге ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарланып отыр.